

Халықаралық гуманитарлық құқық

Мазмұны:

- 1. Халықаралық құқық түсінігі, қайнар көздері және оның халықаралық адамдар құқығы туралы құқықтан айырмашылығы
- Халықаралық гуманитарлық құқық кодификациясы
- Халықаралық гуманитарлық құқық кодификациясы
- Қарулы қақтығысты халықаралық құқықтық реттеу
- Қарулы қақтығыстағы бейтараптық (нейтралитет)
- Соғыстың әдістері мен тәсілдерін халықаралық құқықтық реттеу
- Қарулы қақтығысқа қатысушылардың халықаралық құқықтық мәртебесі
- Қарулы қақтығыс құрбандарын халықаралық құқықтық қорғау
- Азаматтық объектілерді халықаралық құқықтық қорғау
- Халықаралық гуманитарлық құқықтағы бақылау
- Халықаралық гуманитарлық құқықтарды бұзғаны үшін жауапкершілік

Халықаралық құқық — бұл халықаралық құқықтың субъектілері туындататын және халықаралық құқықтың субъектілері (мемлекеттер, өз тәуелсіздігі үшін күресуші халықтар, халықаралық ұйымдар арасындағы, сонымен қатар кейбір жағдайларда, жеке және заңды тұлғалар қатысатын) арасындағы қатынастарды реттейтін халықаралық- құқықтық қағидалар мен нормалардың жиынтығы.

Қайнар көздері

- 1)1949 жылғы 4 Женевалық Конвенция мен 1977 жылғы қосымша протоколдар
- 2)1864 жылғы Жараланғандардың жағдайын әскерде жақсартуға арналған Женева конвенциясы
- 3)1868 жылғы Жарылғыш және жанғыш қаруларды қолдануға шек қою туралы декларация (Петербург)
- 4)1899 жылғы Гаага Конвенциясы
- 5)1906 жылы қабылданған “ 1949 жылғы конвенцияны жаңартылған түрі”

- 6)1929 жылғы Соғыс тұтқындарымен қарым-қатынас туралы Женева Конвенциясы
- 7)1954 жылғы Мәдени құндылықтарды қорғау туралы Гаага конвенциясы
- 8)1977 жылғы Женева Конвенцияларына қосымша жаңартулар
- 9)1980 жылғы Қаружарактың белгілі бір түрін қолдануға шек қою немесе мүлдем шектеу
- 10)1993 жылғы Химиялық қару қолдануға шек қою туралы Конвенция
- 11)1995 жылғы Лазерлі қаруды қолдануға шек қою туралы Конвенция
- 12)1996 жылғы Миналарды, қақпанды қарулардаы қолдануға шек қою туралы Конвенция
- 13)1999 жылғы Мәдени құндылықтарды қорғау туралы Екінші Гаагтық Конвенция

Халықаралық гуманитарлық құқық пен халықаралық адамдардың құқықтары туралы құқықтан айырмашылығы

Халықаралық гуманитарлық құқық - мемлекеттің белгілі бір адамдар тобына деген міндеттерін реттейді, яғни ол қарулы қақтығыс құрбандарының құқықтарын, соғыс уақытында реттейді.

Адамдардың халықаралық құқығы туралы құқық - адамдардың әртүрлі жағдайдағы құқықтарын қорғайды, алайда олар бейбіт уақытта жүргізіледі

- Халықаралық гуманитарлық құқық кодификациясы - халықаралық құқықтың қарулы қақтығыс жағдайындағы қатынастарды реттейтін нормаларын жүйелеу және жетілдіру үрдісі. Дәстүрлі жағдайда, халықаралық гуманитарлық құқықтың нормалары 2 үлкен топқа жіктеледі
 - Гаагтық құқық
 - Соғысушы тараптардың құқықтары мен міндеттерін анықтай отырып, соғыс жүргізу ретін реттейтін конвенцияларды қосады.
 - Женевалық құқық
 - Әскер қатарынан шығып қалған тұлғалардың және соғысқа қатыспайтын тұлғалардың құқықтарын қорғайды,

Қағидалары

- Адамгершілік қағидасы
 - Әскерден шығып қалған немесе соғысқа қатысудан бас тартқан адамдарға адамгершілікпен қарау
- Айырма жүргізу қағидасы
 - Соғысушылар өздерінің қарсыластарына шабуыл жасаған уақыта, жай азаматтар мен соғысушы комбатанттарды ажырату керек
- Теңдік қағидасы
 - Азаматтардың көп шығынына алып келетін немесе халықаралық маңызды объектілерді бұзатын соғысқа жол бермеу
- Қажеттілік қағидасы
 - Соғысушы тараптардың қару таңдаудағы құқықтарын шектейді және қарудың ең әлсіз түрін қолдануға міндеттейді

•Қарулы қақтығыс

•Халықаралық қарулы қақтығыс

•Халықаралық емес қарулы қақтығыс

•Интернационал-дандырылған қарулы қақтығыс

1.Жарияланған соғыс

2.Кез-келген 2 немесе одан көп мемлекеттер арасында пайда болған кездейсоқ қақтығыс

3.Колониялыққа, шетелдік оккупацияға немесе расисттік режимге қарсы ұлт-азаттық көтеріліс

Белгілі-бір мемлекеттің шекарасы ішінде болатын, халықаралық сипаттағы емес әскери қимыл.

Бұл соғыстың түрін кейде аралас деп те атайды. Себебі ол өзіне халық-қ және халық-қ емес соғыстарды қамтиды. Мысалы: Белгілі бір мемлекет ішінде соғыс болып жатса, оған шет ел мемлекеттерінің араласуы жатады

•Кез-келген мемлекет соғыстан бас тартуға құқылы, егер ол бейтарап мемлекет болса, онда халықаралық аренадағы кез-келген соғысқа қатысуына болмайды

•Бейтарап мемлекет өзінің еркіндігі мен тәртібіне қорғауға мүмкіндігі бар. Ол КОНВОИРОВАЛАУ деп

•Солжанды тараптардың өзара қарым-қатынасында бейтарап мемлекеттің өз құқықтары мен міндеттеріне қатысты ешқандай әскери нысандар болмауы қажет

Халықаралық құқықтағы бейтараптылық

Бейтарап мемлекеттің соғысушылардың азаматтарына көмек көрсетуге ниет білдіруі, ішкі істерге араласу болып табылмайды

Соғыс жүргізуге болмайтын әдістер мен тәсілдер

Әдістері

- Ешкімді тірі қалдырмау туралы бұйрық беруге
- Тірі адамдарды қалқан ретінде пайдалануға
- Азаматтар арасындағы аштықты пайдалануға
- Террористтік әрекеттерге
- Тұтқынға берілуге келіскен комбатантты өлтіруге
- Ерекше халықаралық құқықпен қорғалатын белгілерді қолдануға: Қызыл Крест, Жарты Ай
- Мемлекет азаматтарын өз мемлекетіне қарсы соғысқа қатысуға мәжбүрлеуге
- Мемлекетті талқандауға, Қорғансыз қаланы бұзу

Тәсілдер

- 400 г-нан жеңіл кішкене жарылғыштармен жабдықталған снарядтар қолдануға
- Уланған қару қолдануға
- Тұншықтырғыш қару қолдануға
- Автоматты түрде жарылғыш миналар қолдануға
- Жаппай қырылуға әкелетін қару қолдануға
- Лазерлі қарулар қолдануға
- Соқырлыққа немесе денеге аса ауыр зардап әкелетіндей қару қолдануға болмайды

Қарулы қақтығысқа қатысушылардың халықаралық құқықтық мәртебесі

- Комбатант
 - Барлық әскери күштің құрамындағы азаматтар
 - Шабуылдаушыларға қарсы, азаматтардың қаруды қолға алуы нәтижесінде пайда болатын әскер
- Бейкомбатанттар
 - Медициналық, интендантық құрама, діни ұйым мүшелері, юристтер, корреспонденттер,
 - Өзге де соғысқа қатыспайтын, сырттан азаматтық көмек көрсететін, мамандар.
- Шпион, жалдамалылар

Қарулы қақтығыс құрбандарын қорғау

- Жалпы қорғау
- 1. Адамгершілікпен қарау
- 2. Өлтірмеу, қинамау, жарақаттамау, өзге де денсаулыққа, психикаға зардабын тигізетін әрекеттерді болдыртпау
- 3. Дінін, ар-намысын, адами қасиеттерін қорламау
- 4. Қылмыстық жауапкершілікке тартылған әрбір азаматқа құқықтық кепілдеме беру
- **Жарақатталған, ауру, кеме апатының құрбандарын қорғау:**
 - 1. Женева Конвенциясының 1,2- бөлімдерімен реттеледі қосымша 1-протоколмен реттелді
 - 2. Көмек көрсету
 - 3. Құрметпен қарау
- **Соғыс тұтқындарын қорғау-**
 - Соғыс барысында қарсыластардың тұтқынына түскен комбатанттар, Женева Конвенциясының 3-бөлімімен реттеледі:
 - 1. Қорқыту арқылы әскери құпияларды сұрау
 - 2. Өзге адамдардың алдына шығарып қою т.б.
- **Азаматтық тұрғындарды қорғау-** Женева Конвенциясының 4-бөлімімен реттеледі, қосымша 2 протоколмен реттеледі.
 - 1. Санитарлық және қауіпсіздік шараларына сай жерге орналастыру
 - 2. Қоршалған немесе зиян ортадан көшіру
 - 3. Аштықтан сақтау

- Азаматтық объектілерді қорғау
 - **Мәдени құнды объектілерді қорғау:**
 - 1) 1954 жылғы Гаагтік конвенциямен
 - 2) 1933 жылғы Рерих Пактісімен,
 - 3) 1863 жылғы АҚШ-тың “Кытапханаларды, адамзатқа пайдалы класикалық объектілерді қорғау” туралы заңдарымен қорғалады.
 - **Қауіпті күшті сақтаушы құрылыстарды, бекітпелерді бұзу:**
 - Атомдық электростанциялар, улы заттар сақталған кез-келген құрылыс.
 - **Табиғатты қорғау**
 - 1980 жылғы Преамбуланың 3 протоколында, кез-келген табиғатты жоюға қарсы соғыс жүргізуге болмайды делінген

Халықаралық гуманитарлық құқықтың қағидалары мен нормаларының сақталуын бақылайтын механизмді атқаратын ұйымдар бар. Олар:

- Фактілерді анықтаушы Генералдық комиссия
- Мәдени құндылықтар бойынша Генералдық Комиссар
- Қызыл Крест Халықаралық Комитеті
- Қорғаушы-державалар

Халықаралық гуманитарлық құқықты бұзғаны үшін мемлекеттер мен жеке тұлғалардың жауапкершілігі

Мемлекеттердің Халықаралық құқықты бұзғаны үшін жауапкершілігі

- Тараптар арасындағы соғыс жағдайында Женева Конвенциялары немесе Протоколдарды бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылушы мемлекет Материялдық және Саяси жауапкершілікке жатады
- Олар: Сатисфакция, Реституция, Компенсация

Жеке тұлғалардың Халықаралық құқықты бұзғаны үшін жауапкершілік

- Нюрнбергтің 1945 жылғы қаулысында көрсетілген. Жеке тұлғалардың халықаралық қылмыстары аса ауыр болғанда ғана Халықаралық құқықпен реттеледі.
- Аса ауыр қылмыстарға:
 - 1) Алдын ала ойластырылған өлтіру қылмысы, аса қауіпті және қинау нәтижеіндегі қинап өлтіру
 - 2) Террористтік әрекеттер
 - 3) Халықаралық құқықпен қорғалатын арнайы белгілерді теріс, заңсыз пайдалану
 - 4) Тұтқындағы әскерді өзінің мемлекетіне қарсы соғысуға мәжбүрлеу және өзге де Халықаралық Гуманитарлық құқыққа қарсы әрекеттер
- Жауапкершілігі:
 - Бостандығынан айыру немес өлім

ҚР-дағы Халықаралық гуманитарлық құқық құру жөніндегі ведомстваралық комиссия құру

- Соғыстың құрбандарын қорғау туралы 1949 жылғы Женева конвенцияларынан және Соғыс құрбандарын қорғау туралы Женева конвенциясына 1977 жылғы I және II Қосымша хаттамаларынан туындайтын Қазақстан Республикасының халықаралық-құқықтық міндеттемелерін іске асыру және Қазақстан Республикасының заңнамасында халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын қолдану жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:
 1. Халықаралық гуманитарлық құқық жөніндегі ведомстваралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.
 2. Қоса беріліп отырған:
 - 1) Комиссия туралы ереже;
 - 2) Комиссияның құрамы бекітілсін.
 3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

● **Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары**

- 3. Комиссияның негізгі міндеті халықаралық гуманитарлық құқық саласындағы Қазақстан Республикасының халықаралық-құқықтық міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етуге жәрдемдесу болып табылады.

4. Комиссияның функциялары:

Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасын Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық гуманитарлық құқық саласындағы халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес келтіруге жәрдемдесу;

Қазақстан Республикасы заңнамасының оның халықаралық гуманитарлық құқықтың нормаларына сәйкестігі бөлігіндегі жағдайын зерделеу және бағалау;

халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын Қазақстан Республикасының заңнамасында қолдану жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

халықаралық гуманитарлық құқық саласындағы Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының, нормативтік құқықтық кесімдерінің жобалары бойынша консультативтік қорытындыларды қарау және әзірлеу;

халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын Қазақстан Республикасының заңнамасында қолдануға бағытталған Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарының қызметін үйлестіру;

халықаралық гуманитарлық құқық туралы білімдерді таратуға жәрдемдесу;

халықаралық гуманитарлық құқықты қолдану және одан әрі жетілдіру саласында зерттеулерді жүргізу, баяндамалар мен ұсыныстарды әзірлеу;

Халықаралық Қызыл Крест комитетімен, халықаралық гуманитарлық құқық саласындағы қызметті жүзеге асыратын басқа да халықаралық ұйымдармен өзара іс-әрекетті, ақпарат алмасуды ұйымдастыру болып табылады.

- **Комиссияның құқықтары**

- **5. Комиссияның:**

халықаралық гуманитарлық құқық саласындағы Қазақстан Республикасының халықаралық-құқықтық міндеттемелерін іске асырудың негізгі бағыттары туралы ұсыныстарды белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуге;

өз құзыреті шегінде халықаралық гуманитарлық құқықтың нормаларын қолдану мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеуді Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарына ұсынуға;

Қазақстан Республикасының заңнамасында халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын қолдану мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының және ұйымдарының өкілдерін Комиссияның отырыстарына шақыруға және оларды тыңдауға;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан және ұйымдарынан Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды белгіленген тәртіппен сұратуға және алуға;

уақытша және тұрақты жұмыс істейтін сараптама және жұмыс топтарын ұйымдастыруға құқығы бар

● **Комиссияның қызметін ұйымдастыру**

● 6. Комиссияны Төраға басқарады.

7. Комиссияның жұмысын ұйымдастыруды, тиісті материалдарды, ұсынымдарды әзірлеуді

Комиссияның хатшысы жүзеге асырады.

8. Комиссияның Төрағасы:

Комиссияға басшылықты жүзеге асырады;

Комиссия отырысының күн тәртібін белгілейді;

халықаралық гуманитарлық құқық саласындағы қызметті жүзеге асыратын басқа мемлекеттердің тиісті органдарымен және халықаралық ұйымдармен қатынастарда Комиссияның атынан өкілдік етеді.

9. Комиссияның хатшысы:

Комиссияның отырыстарын дайындауды жүзеге асырады;

халықаралық гуманитарлық құқық саласындағы қызметті жүзеге асыратын басқа мемлекеттердің тиісті органдарымен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-әрекетті ұйымдастырады;

Комиссия мүшелерінің және оның қызметіне тартылған мамандардың жұмысын үйлестіреді.

10. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде жарты жылда бір рет өткізіледі.

11. Отырыстардың күн тәртібін, сондай-ақ олардың өткізілетін орны мен уақытын Комиссия Төрағасы белгілейді.

12. Комиссияның шешімдері ашық дауыс берумен қабылданады және егер олар үшін Комиссия мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыс берілген болса, қабылданған болып саналады, хаттамамен ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады.

13. Комиссия мүшелері шешім қабылдау кезінде тең дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда Төраға дауыс берген шешім қабылданған болып саналады.

14. Комиссия мүшелерінің ерекше пікірге құқығы бар, ол білдірілген жағдайда жазбаша түрде баяндалуға және хаттамаға қоса берілуге тиіс.

15. Комиссияның шешімдері Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдары мен ұйымдарына Комиссия отырыстарының хаттамаларынан көшірмелер түрінде жеткізіледі.

16. Комиссия мүдделі органдардың, сондай-ақ Халықаралық Қызыл Крест комитетінің, халықаралық гуманитарлық құқық саласында қызметті жүзеге асыратын басқа да халықаралық ұйымдардың өкілдерімен өзара іс-әрекет жасайды.

17. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.